«17» сәуір 2024 ж.
№ 824 хатқа қосымша

**«МАҒЖАН ӘЛЕМІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФЕСТИВАЛІН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҚ ХАТ**

**Құрметті әріптестер!**

2024 жылдың 18 мамыр күні Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдық мерейтойына арналған «Мағжан әлемі» республикалық фестиваліне қатысуға шақырамыз! Фестивальге орта білім беру ұйымдарының педагогтері қатыса алады.

**Мақсаты:** Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығын, әдеби мол мұрасын насихаттау, талантты, шығармашыл оқушыларды анықтап, педагогтердің тәжірибе алмасуын жүзеге асыру.

**Міндеттері:**

- Мағжанның «Педагогика» ғылыми еңбегін насихаттау;
- Мағжан ақынның шығармаларын оқу, мазмұнын ашу, бейнелеу өнерімен байланыстыру;
- педагогика және әдістеме ғылымдарына қосқан үлесін дәріптеу;
- Мағжан Жұмабаевтың ақындық жолын жалғастырып жүрген ақын-ұстаздарды жарыққа шығару;
- білім алушылардың эстетикалық талғамдары мен тума дарын қабілеттерін шыңдау.

**Ұйымдастырушылар:**

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚҚК,
«Мағжан Жұмабаев атындағы №65 мектеп-гимназиясы» КММ

**Қатысушылар:**

Республика бойынша барлық пән педагогтері мен білім алушылары қатыса алады. Қатысушының жасына, еңбек өтіліне шектеу қойылмайды.

Қатысу тілі: қазақша

Өтетін форматы: офлайн

**Фестивальді өткізу тәртібі:**

**Өтетін уақыты: 18 мамыр 2024 жылы сағат 9.00-де.**

**Өтетін орны:** М. Жұмабаев атындағы №65 мектеп-гимназиясында өтеді. Тіркелу уақыты: 9.00-9.30.

Фестивальге қатысу үшін Өтінімді қосымшаға сәйкес толтырып, 2024 жылдың 5 мамырына дейін magzhan_alemi65@mail.ru поштасына жіберу керек. Туындаған сұрақтар бойынша +77479698943 (Мырзахметова Майра Айыпхановна) ұялы телефонына хабарласа алады.

**Фестиваль бағыттары:**

I. **«Қазақтың жолбасшысы – мұғалім»** педагогикалық оқу;
II. **«Жан сүйгенім – ол да өлең...»** ақын педагогтер байқауы;
III. **«Мен жастарға сенемін!»** әдеби сахналық қойылым байқауы;

**II. «Жан сүйгенім – ол да өлең...»** ақын педагогтер байқауы. Қатысушы ақын педагог М. Жұмабаевқа арнаған шығармасын сәуірдің 18-іне дейін magzhan_alemi65@mail.ru элпоштасына жіберуі қажет.

**Байқаудың талабы:**

- ✓ шығармаларын Microsoft Word форматында А4 парақ түрінде өткізеді;
- ✓ 7-10 шумақтан артық емес;
- ✓ шығармасын нақышына келтіріп, жатқа оқиды;
- ✓ 5 балдық жүйемен бағаланады.

**Бағалау критерийлері:**

- ✓ ұсынылған шығармалары тақырыбының байқау мақсатымен сәйкестігі;
- ✓ тілдік ерекшелігі; сөз шеберлігі;
- ✓ туындының көркемдік сапасы;
- ✓ автордың оқу мәнері, дауыс дикциясы;
- ✓ талапқа сай орындалуы.

Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі Дипломдармен, қатысушылар Сертификаттармен марапатталады. Шығармалары М. Жұмабаев атындағы №65 мектеп-гимназиясындағы Мағжан музейінде жинақталады.

Қосымша сұрақтар бойынша **+77071893481 (Уйсунбаева Алмагул Кубевна)** ұялы телефонына хабарласа алады.

**III. «Мен жастарға сенемін!»** ақын шығармалары және ақынға арналған шығармалар негізінде әдеби сахналық қойылым байқауы. Байқауға **8,10-сынып** білім алушылары және жетекшісі қатыса алады.

**Байқаудың өту талабы:**

- ✓ қойылым ақын шығармаларынан немесе ақынға арналған шығармалардан алынып, автор бейнесін ашуға бағытталуы қажет;
- ✓ топ құрамы 7-8 адамнан аспауы керек;
- ✓ қойылымға қажетті реквизиттер, музыкалық сүйемелдеу қатысушылар тарапынан болады;
- ✓ 5 балдық жүйемен бағаланады.

**Бағалау критерийлері:**

- ✓ қатысушылардың сахна мәдениеті, әртістік қабілеті;
- ✓ рөлдік шеберлік;
- ✓ тіл тазалығы;
- ✓ декорация, музыкалық сүйемелдеу;
- ✓ регламент 7-10 минут.

Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі Дипломдармен, қатысушылар Сертификаттармен марапатталады.

Қосымша сұрақтар бойынша **+77719750027 (Сисанова Гульназ Кудайбергеновна)** ұялы телефонына хабарласа алады.

**VI. «Түркістан – Ер түріктің бесігі ғой...»** ақынның «Түркістан» шығармасы негізінде сурет салу байқауы. Байқауға педагог **5-7 сыныптың бір оқушысымен** қатыса алады. Қатысушылар (жетекшісі жіне шәкірті) комиссия мүшелері ұсынған үзіндіні жұптасып оқып, талқылып, үзінді бойынша сурет салады. Салған туындыларын комиссия мүшелерінің алдында қорғайды.

**Байқаудың өту талабы:**

- ✓ жұмысқа 45 минут уақыт беріледі;
- ✓ қорғауға 5-7 минут беріледі;
- ✓ 5 балдық жүйемен бағаланады.
- ✓ қатысушы өзімен бірге қажетті заттарын ала келеді (сурет салуға арналған А3 торшон қағазын, гуащ, акварель бояуы, кист, палитра, су құятын ыдыс, қол сүртетін қағаз майлық, т.б.).

**Бағалау критерийлері:**

IV. **«Түркістан – Ер түріктің бесігі ғой...»** ақын шығармасына («Түркістан» поэмасы негізінде) сурет салу байқауы;

V. **«Жүрген жанның артында ізі қалар»** ақын шығармаларын насихаттау (Tik-tok арқылы буктрейлер) челленджі.

VI. **«Мағжан шығармаларын оқытудағы жаңаша көзқарас» шеберлік сыныбы.** Мағжан шығармаларын оқытудағы заманауи әдіс-тәсілдермен шеберлік сыныптарын өткізу.

**Фестиваль бағыттарының талаптары:**

**I. «Қазақтың жолбасшысы – мұғалім»** Мағжанның «Педагогика» еңбегін негізге ала отырып, TEDx форматында өтетін педагогикалық оқудың өту талабы:

- ✓ қатысушы ақынның «Педагогика» еңбегін толық оқиды;
- ✓ баяндамасының өзекті деген идеяларын презентацияға (кем дегенде 7, 10-нан артық емес слайд) түсіреді;
- ✓ жұмысын (баяндамасын) TEDx форматында қорғайды;
- ✓ жұмысты қорғауға 5-7 минут беріледі;
- ✓ жұмыс 5 балдық жүйемен бағаланады.

**Жұмыстың рәсімделуі:**

✓ Баяндама мәтіні 5 парақтан аспауы, беттері нөмірленген, тіркеу формасы MS Word мәтіндік редакторы бойынша жазылған болуы керек.

✓ Парақтың параметрлері: қағаз форматы А4, жоғарғы жағы – 2,5 см, төменгі – 2 см, сол жағы – 2,5 см, оң жағы – 1,5 см, жоларалық 1 интервалмен, жаңа жол ( абзац) – 0,9 см. Қолжазба 14 шрифте, Times New Roman немесе KZ Times New Romanмен терілуі қажет.

✓ Әдебиеттер тізімі жұмыста көрсетілу тәртібіне қарай мақаланың соңында жазылады. Сілтеме берілген әдебиеттер жұмыс мәтінінде квадрат жақшаның ішінде әдебиеттер тізіміндегі нөміріне сәйкес нөмірмен көрсетілуі керек. Дәйектеме (цитата) қолданған жағдайда бірінші міндетті түрде әдебиеттер тізіміндегі нөміріне сәйкес нөмірі және парағы көрсетіледі, мысалы (1, 256 бет).

**Педагогикалық оқудың үлгі тақырыптары:**

- ✓ Мағжанның «Педагогикасы» және ұлт тәрбиесі;
- ✓ М. Жұмабаевтың қазақ педагогикасын дамытудағы үлесі;
- ✓ Мағжан Педагогикасы және қазіргі оқыту;
- ✓ Мағжан Жұмабайұлының «Педагогика» еңбегіндегі ұлттық таным;
- ✓ Мағжан Жұмабай "Педагогика" еңбегінің тәрбие берудегі маңызы және тб.

**Педагогикалық оқудың критерийлері:**

- ✓ қатысушының ақынның «педагогика» еңбегін толық меңгеруі;
- ✓ жұмысының өзектілігі мен жаңашылдығы;
- ✓ Tedx форматына сәйкес келуі;
- ✓ баяндамашының өзіндік әдістемесі;
- ✓ жұмысты қорғау кезіндегі сөз шеберлігі;
- ✓ регламентті сақтауы.

Қатысушы презентациясын және баяндамасын magzhan_alemi65@mail.ru элпоштасына фестиваль бағытын көрсетіп, 18-іне дейін жіберуі қажет.

Қосымша сұрақтар бойынша +77072034461 (Асет Ахбота) ұялы телефонына хабарласа алады.

Қатысушылар педоқуға қатысып, іс тәжірибесін таратқаны үшін Сертификаттармен марапатталады.

Сараптамадан (25 балдан жоғары көрсеткен жұмыстар) өткен жұмыстар жинаққа енеді. Жинақ фестиваль аяқталғаннан кейін «Әдістемелік орталығы» МКҚК сайтында (https://astana-modern.edu.kz/) бір айдың ішінде жарияланады.

- ✓ шығарманы мазмұнының тақырыпқа сәйкестігі;
- ✓ жұмысты қорғау креативтілігі;
- ✓ жұмысты қорғау кезіндегі сөз шеберлігі;
- ✓ көркемдік шеберлік (суретті орындау техникасы мен сапасы);
- ✓ регламентке сай орындалуы.

Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі Дипломдармен, қатысушылар Сертификаттармен марапатталады. Үздік суреттер жинақталып, М. Жұмабаев мұражайына табысталады.

Қосымша сұрақтар бойынша **+77474876682 (Адай Айнұр)** ұялы телефонына хабарласа алады.

**V. «Жүрген жанның артында ізі қалар»** ақын шығармаларынан, ғылыми еңбектерінен тб тұлғалық бейнесін ашатын буктрейлер челленджді Tik-tok әлеуметтік желісінде насихаттау. Челленджге қатысушылардың жас ерекшелігіне (педагог, оқушы, ата-ана) шектеу қойылмайды.

**Челленджідің өту талабы:**

- ✓ видеороликті ***#мағжанәлемі65*** *хэштегімен* 2024 жылдың 15 мамырына дейін жариялайды;
- ✓ Мағжан Жұмабаев шығармалары, еңбектері насихатталады, қайраткерлік тұлғасын таныту;
- ✓ 5 балдық жүйемен бағаланады.

**Бағалау критерийлері:**

- ✓ насихаттау мазмұнының ашылуы;
- ✓ идеяны асыруға креативті көзқарасы;
- ✓ видеороликтегі қатысушының шеберлігі.

Жеңмпаздар I, II, III дәрежелі Дипломдармен, қатысушылар Сертификаттармен марапатталады.

Қосымша сұрақтар бойынша **+77084919738 (Ташметова Айкерім Мырзаханқызы)** ұялы телефонына хабарласа алады.

**VI. «Мағжан шығармаларын оқытудағы жаңаша көзқарас»** шеберлік сынып. Қатысушы Мағжан шығармаларын оқытуда (пән, тақырып, оқу мақсаттарына негіздеп) оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, ұлттық құндылықтарға негіздеп оқыту өзіндік әдістемелік әдісін, оқыту әдістемесін, оқыту мен тәрбиелеудегі педагогикалық тәжірибесімен бөліседі.

**Шеберлік сынып өткізу талаптары:**

- ✓ стандартқа сай жоспарлануы;
- ✓ ақын шығармаларын талдау жаңаша әдістемесі;
- ✓ 7-10 минуттан аспауы қажет;
- ✓ шеберлік сынып 5 балдық жүйемен бағаланады;
- ✓ қолданатын материалдарын өзімен ала келеді.

**Шеберлік сыныптың бағалау критерийлері:**

- ✓ тәжірибе құндылығы;
- ✓ инновациялылығы (жаңашылдығы, креативті идеясы, өзіндік әдістемесі);
- ✓ тақырыпты ашудағы пікір құндылығы, ойдың логикалық сабақтастығы, қорытынды пікірдің болуы;
- ✓ аудиторияның назарын аудара білу шеберлігі;
- ✓ уақытты тиімді пайдалануы.

Қатысушылар Сертификаттармен марапатталады.

Қосымша сұрақтар бойынша **+77058784641 (Файзулина Баян Боткеновна)** ұялы телефонына хабарласа алады.

**ФЕСТИВАЛЬ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:**

Фестиваль бағыттарының әр бағыты бойынша талапқа сай қатысушылар Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК-ның I,II,III дәрежелі Дипломдарымен, қатысушылар Сертификаттарымен марапатталады.

**Ескерту:** байқау материалдары (жинақтар, суреттер) қайтарылмайды, мазымұнына ұйымдастырушылар жауап бермейді, кешіктіріліп жіберілген жұмыстар қабылданбайды, қайтарылмайды.

Қосымша

«Мағжан әлемі» атты республикалық фестиваліне сұраныс үлгісі

Білім алушы жіне жетекшісі үшін:

| **№** | **Мекеме атауы** | **Қатысушының аты-жөні** | **Сыныбы** | **номинациясы** | **Жетекшісінің аты-жөні, байланыс номері** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

Педагогтер үшін:

| **№** | **Мекеме атауы** | **Қатысушының аты-жөні** | **Лауазымы** | **номинациясы** | **Байланыс номері** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |